

¹ Б.Қ. Исабек *, ² Б.А. Амалбекова, ³ Нуржанова А.М.

¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Басқарма төрағасының орынбасары-академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ОҚМПУ,
Шымкент, Қазақстан
E-mail: barsha73@mail.ru

² ОҚМПУ 2 курс докторанты, Шымкент, Қазақстан
E-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

³ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.И. Сәтбаев ат. ҚазҰТУ, Алматы қ., Қазақстан
Республикасы
E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ МЕН ӨМІР ЖОЛЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты – Ұлы Отан соғысында асқан ерлігімен даңқы бүкіл әлемге аңыз болған гвардия полковнигі, Кеңес Одағының батыры, әскери тақырыптағы жазушы Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен қоршаған ортасының шығармашылық қызметіне ықпалын талқылауға арналған. Батырдың шығармашылық дүниесінің негізгі мәні мен мазмұны заманхаттан тұратындығына көз жеткіземіз. Яғни, өзінің бастан кешкен оқиғалары мен естеліктерінің шығармашылық құндылыққа айналғандығы мәлім.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырдың азаматтық ұстанымын айқындайтын мәліметтерді жинақтау және оларды сыныптаумен айқындалады. Ұлы жазушының шығармашылық бағыты соғыстың тарихи бейнесі мен қасіретін оқырманға шынайы жеткізуге мақсатталғандығын осы мәліметтердің көмегімен саралауға қол жеткізе аламыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі автордың өскен ортасы мен тұлғалық қалыптасу сәттерінің әскери оқиғалардың желісінде өрбігендігімен маңызды. Шығармашылық туындалары дүние тарихындағы шектен тыс қатал әрі күрделі құбылыстың жүру барысында қалыптасты. Батырдың қарапайым өмірдегі әрекеттері мен көзқарастары әскери тәртіп пен адалдықтың ұстанымдарымен үйлесіп жатты.

Зерттеудің нәтижес ретінде Бауыржан Момышұлының тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар тұрғысында мәліметтер сарапталып, тарихи тұлғасына ғылыми баға берілді.

Тірек сөздер: батыр бейнесі, әскери шығармашылық, тарихи ақиқат, хат, отбасы, тарихи тұлға.

¹Исабек Б.Қ. *, ²Амалбекова Б.А., ³Нуржанова А.М.

¹кандидат исторических наук, доцент,
Заместитель председателя правления-проректор по академическим вопросам, ЮКГПУ,
Шымкент, Республика Қазақстан
E-mail: barsha73@mail.ru

²Докторант ЮКГПУ, Шымкент, Республика Қазақстан
E-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

³кандидат исторических наук, доцент, КазННТУ им. Сатпаева, Алматы, Республика Қазақстан.
E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ОКРУЖЕНИЕ БАУЫРЖАНА МОМЫШҰЛЫ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Цель исследования - обсуждение жизненного пути и влияния окружающей среды на творческую деятельность Героя Советского Союза, писателя на военную тематику и гвардии полковника Бауыржана Момышұлы, чья слава о подвиге в Великой Отечественной войне стала легендой во всем мире. Мы убедимся, что основная суть и содержание творческого мира героя состоит из мемуаров. То есть, как известно, пережитые им события и воспоминания стали творческой ценностью.

Одна из задач исследовательской работы определяется обобщением сведений, определяющих гражданскую позицию героя в годы Великой Отечественной войны, и их классификацией. С помощью этих данных мы можем добиться того, чтобы творческое направление великого писателя было направлено на объективную передачу читателю исторического образа и последствий войны.

Актуальность исследовательской работы обусловлена тем, что в сети военных событий разворачивались моменты молодости и личностного становления автора. Творческий путь писателя сложился в ходе жесткого и сложного явления мировой истории. Действия и взгляды героя в обычной жизни сочетались с принципами воинской дисциплины и честности.

В качестве результатов исследования были проанализированы сведения о лицах, способствовавших становлению личности Бауыржана Момышулы, дана научная оценка его исторической личности.

Ключевые слова: образ героя, военное творчество, историческая объективность, письмо, семья, исторический деятель.

¹Isabek B.K. *, ²Amalbekova B.A., ³Nurzhanova A.M.

¹*Candidate of Historical Sciences, Deputy Chairman of the Management Board-Vice-Rector for Academic Affairs, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent Kazakhshtan*

E-mail: barsha73@mail.ru

²*Doctoral student of South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

E-mail: amalbekova_b@fmsk.nis.edu.kz

³*Candidate of Historical Sciences, docent Satbayev University, Almaty, Kazakhstan*

E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university

UPBRINGING AND LIFESTYLE OF BAUYRZHAN MOMYSHULY: HISTORICAL ANALYSIS

Abstract

The purpose of the study is to discuss the life path and the influence of the environment on the creative activity of the Hero of the Soviet Union, writer on military subjects and guard Colonel Bauyrzhan Momyshtuly, whose fame about the feat in the Great Patriotic War has become a legend all over the world. We will make sure that the main essence and content of the creative world of the hero consists of memoirs. That is, as you know, the events and memories he experienced have become a creative value.

One of the tasks of the research work is determined by the generalization of information that determines the civil position of the hero during the Great Patriotic War, and their classification. With the help of these data, we can ensure that the creative direction of the great writer is aimed at objectively conveying to the reader the historical image and consequences of the war.

The relevance of the research work is due to the fact that the moments of youth and personal formation of the author unfolded in the network of military events. The creative path of the writer was formed in the course of a tough and complex phenomenon of world history. The actions and views of the hero in ordinary life were combined with the principles of military discipline and honesty.

As the results of the study, information about the persons who contributed to the formation of the personality of Bauyrzhan Momyshtuly was analyzed, and a scientific assessment of his historical personality was given.

Keywords: the image of a hero, military creativity, historical objectivity, writing, family, historical figure.

Кіріспе. Адамның дүние есігін ашуы, ержетуі, тұлға болып қалыптасуы, бойындағы сан қырлы қабілет – қасиетінің ашылуы кеңістік пен уақыт аясында өтері ақиқат. Өскен ортасы мен адамзат баласын дүр сүлкіндірген тарихи оқиғалар Б. Момышұлының тағдырына терең ізін салғаны анық. Батырдың балалық шағы мен қызмет жолының басталу кезеңдері соғыс пен әскери науқандардың үрдісімен қабат жүрді. Балалық шағының белестері 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысының құбылыстарымен бетпе-бет келді. Ал, әскери қызмет жолының қалыптасу сәттері 1930 жылдардағы кеңестік әскери дүрбелеңдердің ортасында айшықталды. 1930 жылдардың соңында КСРО мен Жапония, Финляндия арасындағы болған әскери шиеленістердің негізгі дені Б. Момышұлының көз алдында өрбігендігін аңғару қиын емес. 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары батырдың өмірінде тағдыршешті рөлге ие болды. Тұлғаның адамзат баласына соғыстың шынайы беттері мен қасіреттерінің мәнділігін түсіндіретін белгілі шығармалары осы соғыс барысында қалыптасқан болатын. Б. Момышұлы соғыс барысында көрген және ойға түйген сабақтары мен тәжірбиелерін қалап арқылы бейнелеуде қазақ арасынан шыққан бірден-бір шебер жазушылардың бірі

болып табылатыны сөзсіз. Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастарының бел ортасында Б. Момышұлының болуы және оны кейінгі ұрпаққа мәнді тұрғыдан баяндауы оның тағдырының белгілі бір миссия арқалағандығын байқатады.

Егер адамның өмір жолын мазмұнды белгілеріне, әлеуметтік қалыптасу сатыларына қарай дәуірлейтін болсақ, мынадай асуларды байқар едік: а) 1910-1930 жылдары – болашақ батырдың дүниеге келген, орта білім беретін мектепті аяқтаған боз бала шағы; ә) 30 – жылдар батырдың Қызыл армия қатарында және кәсіби жол таңдау табалдырығында тұрған кезеңі; б) 1941 – 1945 жылдары батырдың қанды майдандағы ерліктері мен көшбасшылық қасиеттерінің ашылған кезеңі; в) 1950 – 1960 – жылдары әскери білімін жетілдіру және ұстаздық шеберліктің шыңына жету кезеңі; г) 1960 – 1970 жылдары – қолбасшы қылышын қаламға айырбастап, әдеби майданындағы ерлігі шындалып, мойындалған кезеңі. Батырдың өскен ортасы мен өмірлік ұстанымдарының жалпы сипаты бүгінгі өскелең ұрпақтың санасында орнығуы тиісті құндылықтардың жиынтығының бір бөлігін құрайды. Б.Момышұлының қызметтік жолы мен айналасындағы ортасынан талап еткен қасиеттердің бастылары ретінде мыналарды атауға болады: отанға қалтықсыз қызмет ету, адалдықтың туын биік ұстау, қандай жағдайда болмасын шындықты айтудан тайсалмау, қорқақтықтан қашық тұру және т.б. Жоғарыда аталған адами қасиеттердің белгілерін бүгінгі ұрпақтың бойынан көру және осы мақсатта батыр бабамыздың азаматтық ұстанымдарын насихаттау жұмыстары, өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

XXI ақпарат ғасырында қоғамның жас буынының өзіне идеалды кейіпкерлер мен рухани тәлім-тәрбиенің көздерін интернет айдарларынан іздеуі және соған еліктеуі әдеттегі құбылысқа айналып бара жатыр. Интернет көздеріндегі ақпараттар ағынында отанды сүю, ұлтына қызмет ету, ата-аба дәстүрлерін құрмет тұтудың ізгі амалдары талқыландырылды анық. Сондықтан да Б.Момышұлы секілді ұлттың тарихында өшпес орнын қалдырған тұлғалардың рухани-адамгершілік мұрасын зерделеу, талдау жұмыстары өзінің парызын ақтары сөзсіз. Өскен ортасы мен ұстаздарының Б.Момышұлының тұлға болып қалыптасуына ықпалын анықтау және тарихи талдау жүргізу.

Материалдар. Б.Момышұлының өміріне қатысты тарихи құжаттар, ғылыми жарияланымдар мен әдеби шығармаларды мазмұны мен бағытына қарай жіктеу бойынша құрылымдық-типология әдісінің көмегіне жүгіндік. Батырдың өскен ортасы мен айналысындағы адамдармен қарым-қатынасының сипаты туралы хабар беретін деректерді екі топқа бөлеміз: 1. Батырдың өзінің қаламынан туындаған шығарма-шылық жиынтығы. 2. Батырдың өмірбаянын зерттеумен айналысушылардың жарияланымдары.

Әдіснама. Батырдың өзіндік шығармашылық туындылар тобы мен сыртқы дереккөздердің өзара шынайылығы мен ұқсастықтарын ажырату, салыстыру мақсатында салыстырмалы-талдау әдісі кең пайдаланылды. Тұлғаның сыртқы ортамен қарым-қатынасының элементтері мен оның өзара бір-біріне әсерінің себептері мен салдарларын анықтауда жүйелік әдісіне сүйендік. Сонымен қатар, тұлғаның саяси-әлеуметтік, рухани-адамгершілік қырларын тануда жәрдемдесетін бақылау, әңгімелесу, сауалнама әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер. Б. Момышұлының өмір жолындағы осынау хронологиялық асудың әрқайсысына тән айшықты ерекшеліктер, қиыншылықтар, жеңістер, үміт пен күдікті күшейткен оқиғалар желісі аз емес. Атап өтер болсақ, 30-жылдардағы отарлау саясатының шынайы белгісі көрініс тапқан аштық, Сталиндік қуғын-сүргін, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, әкімшіл-әміршіл жүйенің әділетсіздігі, 50-жыл-дардың басындағы саяси науқандар – ұлтшылдармен, космополиттермен күрес, т.с.с. ар намысты асқақ қойған батыр Бауыржанның санасына, дүниетанымына, өмірге деген көзқарасына, мінез-құлқына әсер етпей тұрмады [1, 23 б.].

Батыр Бауыржан бойындағы ержүректік, ар ождан, еліне деген шексіз махаббаты, сонымен қатар кәсіби тұрғыдан қолбасшылық қабілеті, адамның болмысы мен санасына әсерін тигізе алатын қасиеттері танылған кезең Ұлы Отан Соғысымен тұспа тұс келеді.

«Арпалыс» (Волоколамск тас жолы) шығармасының авторы Александр Бекпен алғаш танысқан кезінде – уақыт өте келе, мен жайында ақпараттар жазар болсаңыз, менің аты-жөнімді өзгертпей; қазақ тілінде Бауыржан Момышұлы жазылсын. Туып өскен жерім көшпенді елдің перзенті болғанымды білсін. Тегім Момыштың ұлы Бауыржан екенімді халық хабардар болсын деп тәптіштеп айтқаны бар [4, 17-б.].

Өзінің тегін жазуда «Момышұлы» деген атын мақтаншыпен мәртебе етіп өткен қайсар қазақтың бірегейі Бауыржан Момышұлының есімімен бірге қазақтың қалғып бара жатқан ұлттық санасы селт етіп оянды... «Мен таза мәңгірттенген адаммын». Санамды 180 градусқа өзгерткен Баукең ғой. Дін, салт-дәстүр, тарихи сана туралы Баукеңмен жолыққаннан кейін барып ойлана бастадым дейді

«Бауыржан тану» ғылыми-зерттеу орталығының негізін салушы, профессор, Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы [3, 4-б.].

Осы орайда Мекемтас Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстанды» атты кітабының дүниеге келуінің себебін түсінгендейміз.

Архивтегі құжаттарға сүйенер болсақ, 1930 жылдары Бауыржанның тегі Момышұлы емес, Момышев болған. Оған дәлел архив құжаттарындағы 1930 жылғы 15-Маусым айындағы аудандық атқару комитетінің № 2064 хаттамасы. Хаттамада жауапты хатшысы: Момышев деп тұр және қолтаңбасы бейнеленген. (Қор 816, тіз. 1, буМа 9, 109 Іс, 1-36 беттер, Қор 165, тіз. 4, бума 37, 327 Іс).

Б.Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келді. Б.Момышұлының әкесі – Момыш өз бетінше сауат ашқан. Б.Момышұлы дүниеге келген кезде әкесі елуді еңсеріп қалған кісі екен. Б.Момышұлының балалық шағынан сыр шертетін «Ұшқан ұя» шығармасында әкесін ағаш ұстасы және етікші деп білген, сонымен бірге зергерлігімен танымал болғаны, жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны болып тағайындалып, он жеті жыл еңбек еткені көрсетіледі. Анасы – Рәзия ұзақ өмір сүрмей ерте қайтыс болып кеткен, Б.Момышұлы әжесі Қызтумастың тәрбиесінде болады. Б. Момышұлының өмірінде әже тәрбиесінің, ұлттық тәрбиенің маңызы ерекше. Оны Бауыржанның мына жазбасынан айқын сезінуге болады: «Өмірде маған тәлім-тәрбие берген ұстаздарым көп болды, бірақ ұстаздарымның берген білімі сүйікті әжемнің, ата-анамның айтқан ақыл кеңестеріндей бола алған жоқ десем, ұстаздарым ренжімейді деген ойдамын» [5, 11-16, 26-б.б].

Б. Момышұлының әкесі қазақ тіліндегі басылым көрген кітап, журналдарды жиыстырып жүрген. Осылайша Бауыржанды бала кезінде Ұлы ақын Абаймен әкесі таныстырады. Соның әсерінен Абай, Шәкәрім қажының кітаптарын оқып солармен сусындап өседі. Соғыс жылдары Бауыржан Момышұлы Абайдың кейбір өлеңдерін талдап, Абай туралы «Родной край» журналында мақала жариялап, ұлы ақынның өлеңін орыс тіліне аударды [3, 168-б.].

Мекемтас Мырзахметұлы Жамбыл журналының 2005 жылғы 4-санында жариялаған «Баукең жазған хашия» деген мақаласында: «Б. Момышұлы 1945 жылы Абай Құнанбаевтың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген аудармасына берген жеке бағасы: өлең авторы Гетенің немісше жазылған тексін орысшаға аударды, Лермонтовтың өлеңін қазақшаға аударды, Абайдың туындысын орыс тіліне аударды. Бір-бірімен салыстыра келе, әйгілі үш классикке өз бағасын берген еді: Гетеге «3», Лермонтовқа «4», Абайға «5» деген баға қойған болатын» [3, 169-б.]. Ұлы Отан соғысының қан майданында жүріп, Б.Момышұлы қылыш пен қаламды қатар ұстап, әлемдік әдебиетке баға беріп, Абайдың классик ақын ретінде дүниежүзілік әдебиеттегі орнын төрге шығарды.

Б.Момышұлының өмір деректеріне жіті көз жіберсек, балалық шағы Әулиета (Тараз қаласы) мен Шымкентте өтеді. Бала кезінде лақап есімі «Шаңтимес» болған Б.Момышұлы бастауыш сыныпқа Бурное станциясындағы Евгеньевка селолық орыс мектебіне барады және бір қыс оқиды. Б.Момышұлының орыс мектебіне баруын әкесі қалайды. Әкесі: «орыс оқуы тұрмысқа да, тұраққа да, ілімге де, білімге де жақын. Орысша оқысаң, жаза да білесің, басқа тілде кітап оқисың». Қатарынан кем етпейтін де осы орыс тілі сияқты ғой деп Б.Момышұлын орыс мектебіне жібереді [5, 237-б.]. 1921 жылы Аса интернатына оқуға түсіп, сол жерде үш жыл білім алып, бастауыш мектепті аяқтайды. Ол уақытта орта мектеп жоқтың қасы еді. Жеті жылдықтың өзі тұңғыш рет Шымкентте тек 1924 жылы ашылған болатын. Б.Момышұлы сол ашылған жетіжылдық мектепте білім алып (қазіргі №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектеп), оны 1928 жылы үздікпен бітіреді. Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов Б.Момышұлының бастауыш сыныптастары [6, 24-б.].

«Шәкірті үшін жақсы ұстаздың өнегесі өле-өлгенше азық» деген сөзді Б.Момышұлының сүйікті ұстазы, жазушы, ақын Тәңірберген Отарбаев туралы айтқанымыз әбден орынды. Ол классикалық әдебиетті насихаттап, сабаққа үнемі домбырамен келетін және Абайдың, Ахмет Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, ақын-жыраулардың өлеңдерін жатқа білетін, білімі өте жоғары, сабақ беру әдісі ерекше ұстаз болған. Тәңірберген Отарбаев Алаштың арысы Жүсіпбек Аймауытовпен дос болған. Ол екеуі интернаттың жатақханасында әр сенбі сайын кездесіп, жаңа шыққан шығармаларды талдап, соңынан домбыра тартып, ән айтқан. Ал, Б.Момышұлы осы достықтың куәсі болған [7, 32-33,38-бб.]. Кеңес үкіметі кезінде Алаш зиялыларымен дос болудың зардабын білу қиын емес. Тәңірберген Отарбаев 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің қиянатын көргендердің бірі. Оның мәнісі мынада. Т. Отарбаев 1928 жылы Ташкент рабфагіне оқытушылар даярлайтын екі жылдық курсқа қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беруге шақыртылады. 1931 жылы Ташкент педагогикалық институтын бітіріп, жоғары білімді маман атанады. 1938 жылы Ташкенттегі Ауыл шаруашылық рабфағында дәріс оқиды. Тәңірберген Отарбаев 1938 жылы 12 мамыр күні Ташкент түрмесіне қамалып, екі жылдан кейін Коми АССР-дегі «Ухта» поселкісіне, қуғын-сүргін

лагеріне айдалады. 1942 жылы Коми АССР-де іш ауруынан қайтыс болады [7, 5-7-бб.]. Б. Момышұлы мектепті бітірер кезде Тәңірберген Отарбаев: «Айналайын, сен ешуақытта шаруашылық, өндіріс саласына барма, тек ғылыммен айналыс». Ғылыммен айналыссаң, дүниежүзіндегі атақты ғұламалардың бірі болып шығасың деп өзінің ұстаздық ақ батасын береді [7, 9-б.]. «Ұстаз шәкіртіне сыншы» ұстаз Т. Отарбаев Бауыржанның болашағынан мол үміт күтті.

1928 жылы Орынбор қаласындағы жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттайды. Оқу орынның басшысы қазақ ұлтыныңан Тоқтыбаев болады. Институт директоры Бауыржанның әлеуметтік жағдайына байқап, Орынборда оқуын жалғастыра алмайтындығын, денсаулығына кедергі болуы мүмкін деп, туған жеріне қайтарып жібереді. Б. Момышұлының алдындағы жоғарғы оқу орынның есігі осылайша жабылады [6, 24-б.].

Б. Момышұлының ұстаздары жайында сөз болған кезде Тұрар Рысқұлов пен Ораз Жандосовты еске алмау мүмкін емес. Ораз Жандосов Б.Момышұлының бойындағы қырағылық қасиеттерді байқап жанына хатшы – көмекшісі етіп алады. Жас шәкірт Б.Момышұлы үшін ұлт зиялылары үлкен мектепке айналады. Мәскеу қаласындағы Қаржы академиясына жолдама алғанымен шәкіртақыға іліге алмаған соң Б.Момышұлы әкесінің жөн сілтеуімен Тұрар Рысқұловтың алдына барады. Сол тұста Ресей үкіметі төрағасының орынбасары қызметін атқарып тұрған Тұрар Рысқұлов шалғайдан келген Бауыржаннан ауылдың жағдайына қанық болып, оған Қазақстанмен бірге Мәскеудегі Қаржы академиясының шәкірақысын бергізеді [12]. Алаштың арыстарымен балалық шағында кітап арқылы танысқан Б.Момышұлы өсе келе олармен жүзбе-жүз кездесуі бекер емес деген ой келеді. Қазақтың тарихын жетік біліп, салт-дәстүрге деген шексіз махаббатын барлық шығармасында анық көрсетіп, қазақ халқының болашағы, тіл мәселесін ешкімнен қаймықпай көтеруі осы ұстаздарынан алған тәлім тәрбиесі деп білеміз.

Әр жылдары ауыл мұғалімі, қаржы қызметкерлері болып қызмет істеген Б.Момышұлы аудандық милицияда да қызмет атқарған. Бұл уақыт репрессия жылдарының алғашқы жылдары еді. Б.Момышұлы қызметте әділдік танытып жазықсыз сотталғандарды босатандыққа жіберіп отырған. Жүрегі әділдік, шындық деп соғатын Б.Момышұлы бұл жердегі қисынсыз әрекеттерден аулақ болу үшін ол жұмыстан кетіп қалады. Батырдың мінезі сол кездің өзінде әскери қызметтің адамы екендігін көрсетті. Сондықтанда түпкірде орналасқан, Қиыр Шығысқа аттанып кетеді. [12] Дәл осы жағдай Б.Момышұлының жанын да алып қалған сияқты. Олай дейтініміз ауданның шолақ белсенділерімен түсінісе алмай, сөзге келіп қалған Бауыржан әдейі ұйымдастырылған қуғын-сүргінге ұшырау ықтималдығы жоғары еді. Ал Қиыр Шығыста мұндай «саяси науқанның» белсенділігі әлде қайда төмен болған.

Әскердегі қызметін өтегені үшін Бауыржанға, кезектегі командир шенін беріп еліне қайтарады. Тимофей Дубовиктің қолдау көрсетуімен Шымкенттегі өнеркәсіп банкінің экономисі болып тағайындалады. Бұл қызмет өте сәтті бастау алады. Олай дейтініміз 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі қызметін атқаратын Б.М. Барханның жолдама беруімен Ленинград қаласына жанындағы он екі айлық білімін жетілдіруге аттанады [9].

Б.Момышұлы үшін Ленинград ой жетпейтін өзгеше бір дүние болып көрінеді. Алғаш рет осы жерде А.С. Пушкин және басқада орыс зиялыларының шығармаларын оқиды [6, 88-б.].

1940 жылдың бас кезінде Киевке полк штабының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады. Округ командирі Г.К. Жуков, ал операциялық бөлімнің басшысы полковник И.Х. Баграмян еді. 1941 жылдың қаңтар айынан, Ұлы Отан соғысы басталған уақытқа дейін республикадағы әскери комиссариатында аға нұсқаушы қызметін атқарады. 1939 жыл Б. Момышұлының өміріндегі ең ауыр жыл. Себебі асқар таудай әкесі Момыш қайтыс болады.

1941 жыл 22 маусым Кеңес Одағына фашистік Германия тарапынан басталған әділетсіз соғыс болса, Б. Момышұлы үшін өмірінің жаңа бір белесінің басталуымен айқындалады.

Б.Момышұлының Мәскеу түбінде шайқастағы ерлігі жайында, Кеңес Одағының Батыры Генерал Иван Михайлович Чистяковтың «Дружба народов» журналында жарық көрген естелік кітабынан үзінді: «Москва түбінде Бауыржанның батальоны ізім ғайып жоқ болып кетеді, бір-екі күндей немістердің қоршауында болып, ержүрек батырлықпен жаумен қиян – кескі шайқас жүреді. Бір күн, бір түнге созылған аяусыз соғыста қызыл әскер төрт жүзден аса фашистерді қырып, оларды Волоколамск тас жолы арқылы жасаған шабуылдан тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын. Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап, оны ең қиын деген жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де Бауыржан және оның батальоны үздіксіз жеңіске ие болды» [6, 161-б.]. Сонымен қатар И.М. Чистяков Б. Момышұлының бойындағы шыншылдық қасиетін өте жоғары бағалаған. Бауыржан Момышұлын қан майданда жасаған көзсіз қайталанбас ерлігі үшін генерал – майор, 8 – гвардия дивизиясының командирі

әрі әскери ұстазы Панфиловтан бастап оны Совет Одағының Батыры мен генерал атағына талай рет ресми түрде ұсынған. Бірақ Б. Момышұлының әлемге танылған даңқымен әскери ілімдегі тереңдігін, дарабоз қолбасшылығын көре алмаған пенделігі басым ген.штабтың және тікелей қорғаныс министрінің қарсылығына ұшырады [14]. Осы себепті, 1956 жылы Б.Момышұлы қырық алты жасында отставкаға шығып кетті. Отставкаға шығу себебі өз ұстазы генерал Чистяковке жазған хатында айтылуында көп сыр жатыр. Бауыржан Момышұлы өзінің әскери жолдағы болашақ карьерасы болмайтынын білген соң, жазушылық өнерге бағыт алып, тез танылды. Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізге тың серпіліс әкелді. Ал бұл өз кезегінде «жылымық жылдары» жаңа буын өкілдерінің лек-легімен әдебиетке келуіне Алаш рухының қайта бой көтеруіне жағдай туғызды. Қаламы қылышынан да өткір болған Бауыржанның шығармалары ұлттың рухын асқақтатын, салт-дәстүр және қазақ тарихы мен шежірелердің қайта жаңғыруымен ерекшеленді. Шығармалары екі тілде жазылды. Ұлы Отан соғысы кездерінде «Серігім», «Жазушыға», «Қалыбек аға», «Біреулерге», «Омарбекке», «Жардың мұңы», «Ана тілін ардақта», «Досыма», «Толғау» атты өлеңдер жазған. 1952-1956 жылдары «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья» (Ұшқан ұя) атты еңбектері шықты [8, 5-б.]. Соғыс жылдары Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов сынды зиялы қауымның ұйымдастыруымен Қаз ССР Ғылым академиясында бір апта бойы таңдаулы ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің алдында шайқастағы әскери іс-әрекеттер жайында Б. Момышұлының арнайы зиялы аудиторияға тақырыптық баяндамалары («Психология войны», «Қанмен жазылған кітап») мен әскери академияда стратегия мен тактика пәнінен жүргізген дәрістер арқылы, әскери көркем әдебиеттің ғылыми негізін салды [14]. Өмірінің көп уақыты кеңес үкіметінің қызыл армиясына арналған, Ұлы Отан соғысы кезінде батырлығы мен әділ де, шұғыл батыл шешімдер қабылдай алатын стратег қолбасшы аға лейтенант шенінен дивизия командиріне дейін өсу жолында Бауыржан Момышұлы әскери бөлімге бірнеше өзгерістер енгізіп, стратегия мен тактика саласында жаңалық әкелген, есімі мәшһүр дүниеге таралған, кеңес үкіметінің генерал мойорлары мен шетелдің қолбасшылары мойындаған ұлы тұлғаға айнала білді. Тарих ғылымы уақытпен санаспайды. Ақиқат әрқашанда жарыққа шығады. Б. Момышұлы дүниеден өткеніне сегіз жыл өткен соң, 1990 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Б. Момышұлының дүниеге келгеніне сексен жыл толуы қарсаңында Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді. Бауыржан Момышұлының «Шындықты адал досындай, әділдікке сеніммен қарау керек, өйткені ол ертелі кеш орындалады» деп айтқан ойы жүзеге асқандай. Бауыржан Момышұлының отбасына қысқаша сипаттама берер болсақ, Бибіжамал Мұқанқызы Момышкеліні Бауыржан Момышұлынан екі жасқа кіші, кербез әйел Бибіжамал Мұқанқызынан жалғыз ұлы Бақытжан Бауыржанұлы дүниеге келген. Строева Вера Павловна – өнер саласының майталманы. Бауыржан Момышұлының әдебиетке келуіне себепші болды. Коркина Клавдия Григорьевна – опера театрының әртісі, сыған қызы. Бұл кісіден Елена Бауыржанқызы дүниеге келді. (16.09.1947 жыл). Бахытжамал Калибековна – шет тілдер институтының аспиранты, 13 жыл бірге тұрған [8, 10-б.].

Талқылау. Б.Момышұлының Отан қорғаудағы ерлігі алғаш рет белгілі орыс жазушысы А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты шығармасында жан-жақты баяндалады [8, 5-б.].

Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы тек қана Кеңес Одағына танымал болған жоқ. Неміс, чех, француз, ағылшын, еврей, грек, испан, итальян, қытай, португал және жапон тілдеріне аударылды. Аудармалар таралымы екі миллион данадан асты. [4, 8-б.]

Көптеген елдерде бұл кітап әскери оқу орындарының студенттеріне міндетті түрде оқытылады. Ал Орталық Барлау Басқармасында (ЦРУ) А.Бектің кітабы бойынша, олар кеңестік қолбасшылар мен жауынгерлердің психологиясын, «жұмбақ орыс жанын» зерттеді. Ал Кубада, Израильде және басқа да елдерде әскери оқу орындарының түлектері бұл кітапты дипломмен бірге алады [4, 8.]. Б.Момышұлы Куба еліне сапары кезінде жауынгерлік ұрыс туралы лекция оқиды, осыдан кейін оған Куба Революциялық қарулы күштері елу бірінші полкінің құрметті командирі атағы берілген. «Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры ретінде кімді атар едіңіз» деген сұраққа Фидель Кастро былай деп жауап беріпті: «Волоколамское шоссе» шығармасының басты кейіпкері Бауыржан Момышұлы» [13].

Расымеңде, авторы А.Бек болып саналатын «Арпалыс» шығармасы қазақ ұлтының мақтанышы Б.Момышұлының қайсарлығын, қан төгіс болған соғыстың ащы шындығын мәлімдейтін туынды. «Арпалыс» шығармасына орыстың әйгілі жазушысы К.Симонов былай баға береді: «Ойдан шығарылып, әсерлеп жазылған шығарма емес, нақтылық пен шындыққа толы. Бұл жерде асыра сілтеушілік жоқтың қасы, тіпті ойша болса да бір сөзін де түзеткің келмейтіні анық. Қыл қаламның асқақ шеберлігімен соғысты ақиқат күйінде сипатталған», - деп бағаласа, Қазақтың бір туар тұлғасы Олжас Сүлейменов «маған Александр Бектің «Волоколам тас жолы» романын оқу бұйырды. Романдағы басты кейіпкер Бауыржан мен үшін үлкен тұлғаға айналды. Шыншыл, өжет, қайсар, бір мезгілде батыр да, дана да бола білген Бауыржан менен басқа, көптеген қазақты ардақтауға үйретті. Мен үшін бақыт, мақтаныш деп Бауыржанның қазақтың батыры болғаны», - деген ой түйіндейді [10].

Соғыстың алғашқы жылдарынан бастап-ақ «Известия», «Правда», «Красная звезда» газеттерінің беттерінде Б.Есімі жиі атала бастады. Қазақ ақындарының Б. Момышұлына өлең арнамағаны кемде - кем болды. Атап айтар болсақ, Ә.Тәжібаевтың Б.Момышұлына арнаған алғашқы туындысы «Бауыржан» атты өлеңі 1942 жылы жарық көрсе, араға отыз жыл салып, екінші туындысын жарық көреді. Қазақтың ақиық ақыны Қ. Бекхожин Б. батыр Бауыржанға арнаған «Қол бастар батыр» атты тұңғыш өлеңін 1944 жылдың бас кезінде, ал «Томға киген тау бүркіт» атты өлеңін 1960 жылы, ал «Атыңды мен естідім» деген үшінші өлеңін 1971 жылда жарияланады. Александр Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауыл» шығармасында Б.Момышұлын Отанының адал перзенті, стратег, керемет қолбасшы ғана емес, солдаттарының ерен еңбегін жоғары бағалай білген командир ретінде сипаттайды. Ал, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» еңбегінде Б. Момышұлының қазақтың қаһарман батыры Мәлік Ғабдуллинге, Төлеген Тоқтаровқа Кеңес Одағының Батыры атағының берілуіне тікелей септігін тигізгені туралы айтып өткен [7, 161-б.]. Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин Б. Момышұлы туралы: «Мың адам бірлесіп батырға тән іс атқарады. Десекте, атақ назары соның біреуіне ғана бағытталады да, оның кеудесіне Алтын Жұлдыз боп қадалады. Мінеки, мен сол батыр болсам, Бауыржан мемлекеттік атаққа ие болмаған, бірақ есімі тарихқа алтын әріптермен жазылатын, ерліктері жүзден асатын, көптеген солдаттарға тәлім тәрбие бере білген дана да, дара тұлға!» дейді [6, 160-б.].

Бауыржан Момышұлы соғыс туралы ойларын, соғыс басталған күннен бастап, күнделік арнап, барлық шайқастар мен көңілін аударған нәрселерді қойын дәптеріне жазып жүретін әдеті болған. Соғыста жазғандары 37 дәптер күнделіктен тұрады [6, 44-б.]. Ол қолжазбаларды Б.Момышұлы Ғылым академиясының қазақ бөліміне өткізіп, олай – бұлай болып кетсем деп арнау жазып кеткен [2, 100-б.]. Ел басына келген қысыл таяқ уақытта қаруды жолдас етіп, теңіздей қан шайылған соғыста ел мерейін еселеген әскери офицерді «намысы биік, еңсесі тік, рухы асқақ саналы қазақ рухы жоғары, Отан алдындағы парызын өтеуде үлкен жауапкершілік танытқан Б.Момышұлын қазақ халқының болашағы соның ішінде қазақ елінің мәдениеті мен дәстүрі, тарихының жойылып кету қаупі, сондай-ақ ұлттық сананың жойылуы жиі мазалады. Момышұлы қазақ халқының ана тілі және оның тарихы, ұрпақтар сабақтастығы болып саналатын мәдениеті мен салт-дәстүрден алшақтауы оның жойылуына әкеп соғатындығын мәлімдеді. Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновқа, СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы Президиумының төрағасы Қ.Сәтбаевқа Қазақстан Компартиясы Комитетінің хатшысы М.Әбдіхалықовқа, әдебиеттанушы ғалым Е.Ысмайыловқа, майдангер М.Ғабдуллинге жазған хаттарынан ана тілі мен ата тарихымызға, қазақ халқының деген құрметі мен сүйіспеншілігін сезінеміз. (Қазақ әдебиеті № 15-16, жұма, 8 мамыр 2020. 4 б.). Жазылған хаттардың мазмұнына тоқталар болсақ. Мәселен, Қ.Сәтбаевқа жазған хатта: «Қаныш аға, еліміздің әдебиетінде шайқас жайында шынайы жазылған шығармалардың жоқтығын және рухты көтеретін көркем шығармалардың қазақ халқына ауадай қажет екендігі шындық – Б.Момышұлы имел в виду, что проблема воспитания от пеленки до штыковой борьбы» дей келе жазушылар қауымдастығына ата-бабаларымыздың туған жерін қорғаудағы қайсар да бартыр мінезін, ержүрек тұлғасын шынайы суреттеуді талап етті [10]. Нұртас Оңдасынов Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасына жазылған хаттың мазмұнында ұлттық тәрбиені насихаттап, ата дәстүрлеріне ой жүгіртіп, ұлттық ойындарды жаңғырту жайында тәуелсіз ойларын білдіреді. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудегі жетесіздік пен жұтаңдықты бүкпесіз айтты. Бұл үрдіс Кеңес ассимиляциялық саясатының дамуын көрсеткендей. Өзге ұлттың мәдениетін мойындап, тіліне бағынышты болу, түбінде рухани мәңгүртікке әкеледі: «Біздің «шоқын-ғандар» қазақ халқының ата дәстүрі мен төл мәдениетін аяққа таптағандай: **«Шала молда дін бұзар»** деген мақал дәл айтылғандай (сауатсыз молда сенімді бұзар)» - деп тамыршыдай дөп басты [11].

Бауыржан Момышұлы өз заманында Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жұмабек Тәшенов, Ілияс Омаров секілді қазақтың бетке тұтар зиялы ұлдарымен сыйласып өтті. Бұл қарым-қатынастың ортақ мүддесі бар шынайы ынтымақтастық еді.

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін, ұрыстарда ерекше көзге түскен қолбасшы офицерлерден 250 командир тандалып Ворошилов атындағы әскери академияға Б. Момышұлы Азия халықтарынан жалғыз өкіл болады. Ұлтымыз мақтан етер үлкен жетістіктің бірі болды. Қазақтың намысын асқақтата білетін Б. Момышұлы әскери академияны өте жақсы аяқтаумен шектелмей, академияда үздік оқытушы қызметін атқаруменде ерекшеленді [14]. Б.Момышұлы шәкірттерінің бірі генерал – полковник Глушко «Тыл солдаттары» атты кітабында былай делінген: «Біз Момышұлының лекциясын үнемі қызығып күтетінбіз. Кез келген материалды ол тапқыр баяндайтын, конспектіден гөрі көбіне схемаға жүгінетін және әрбір тезисті ұрыс тәжірибесінің өнегелі мысалдарымен нығайтатын. Тактиканың күрделі мәселелерін ажырата отырып бізді ойлаудың дербестігіне жан тәнімен үйрететін» [2, 128-б.]. Қарапайым гвардия полковнигі болып қалған Б.Момышұлы 46 әскер бастықтарын үйретіп шығарды. Біздің әрқайсымыз оған қатысты жасалған әділетсіздікті тамаша түсінеміз. Бірақ бұл оның сіңірген еңбегі төмендетпейді және Б.Момышұлына қолбасшы болып

қалуға кедергі келтірмейді, өйткені тарихқа лауазымы мен атағына қарай емес, сіңірген еңбегіне қарай енеді. Оны батыр деп мойындады, оны халық нағыз қолбасшы деп атады, ал бұл ең әділ баға, - деді Л.Н. Бакаев [2, 128-б.]. Леонид Николаевичтің пікірімен келіспеу мүмкін емес, себебі өткенімізде кадр саясатындағы терістіктер болмаса, онда Бауыржан Момышұлы неғұрлым әскер құрамаларына да табысты басшылық етер еді. Сонымен бірге, комдив, әскер саласының білікті ұстазы, екі тілді жазушы, философ және ойшыл Бауыржан Момышұлы педагогика мен әскери психологияны байытатын бай мұра қалдырғаны ақиқат.

Б.Момышұлының еңбектерінің танымалдылығының сыры неде? Деген сұрақ та оқырмандарды мазалауы мүмкін. Әрине, Ұлы Отан соғысы тақырыбында жазылған мемуарлар, естіліктер мен көркем әдеби шығармалардың көлемі үлкен болып табылады. Бірақ, олардың арасында қоғамның жүрегіне орнығып, оның кең ықыласына бөленген санаулы шығармалардың арасында Б.Момышұлының жазбалары ойып тұрып орын алады. Автордың қаламынан туған шығармашылық ойдың жемістері тек қанды соғысты сипаттаумен ғана шектелмей, оның көркемдік стилінің жоғары деңгейде болып табылауында еді. Болған оқиғаны әсірелемей, оқырманның санасына күрделі баяндаудан тыс тұрудың тәсілдері батырдың пайымына тән дүниелердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, автордың шығармашылық туындылары мен айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының әрекеттер жиынтығына жалпы баға бере отырып, оның оқырманға үлкен ой тастайтын қуатының барлығын аңғарамыз. Яғни, отанын мүлтіксіз сүйу, шындық үшін ақырына дейін күресу, тәртіптің адам өміріндегі рөлінің күштерін Б.Момышұлының өмір бағытынан түйсіне аламыз. Б.Момышұлының шығармашылық әлемі, қазақ ғылымы үшін, соғыс психологиясының аспектілерін түсіндіретін құралға айналды. Соғыс ол адамзат баласының тарихымен бірге жалғасып келе жатқан құбылыс екендігі анық. Оның шынайы шарттары мен үндеулеріне моральдық-психологиялық тұрғыдан даяр болмау, жеңілістің басы болып есептелетіндігі анық. Сондықтан, соғыстың ахуалына тез бейімделіп, жауға қарсы қажырлы күресудің іс-әрекеттерінің сипатын батырдың болмысынан таба аламыз. Ал, оның сабақтары мен тағылымдарын қабылдау тек әскери жауынгерлерге ғана емес, кез-келген азаматқа қажетті ұстанымдар екендігі белгілі. Алаш арыстарының бір уақыттары Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жастарының аттануын қолдауы соғыстың тарихи-табиғи құбылыс екендігін мойындаудан туған заңдылық болып табылатын. Ол туралы біршама сыни пікірлер желісі айтылғанымен, оның негізгі себептерінің дұрыстығы ғылыми ортада ортақ пайымға ие болғандығы анық. Б.Момышұлы соғыс құбылысына тіке әрі шынайы қараудың тұжырымын түзген жазушылардың бірегейі екендігі айқын. Жазушы айналасындағы адамдарға бейбіт заманның өзінде өткір тәртіп пен моральдық қағидалармен жүрудің негіздіін түсіндіріп өтті.

Қорытынды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін еліміздің рухани болмысына үлкен мән берілді. мемлекет тарапынан тарихты жаңғырту, салт-дәстүр мен мәдениетімізді насихаттау мақсатында «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Ел болам десең бесігіңді түзе» демекші, Елбасымыз «Біздің рухани діліміз – Яссауи, ал гуманитарлық, адамгершілік іргеміз – Абай, ал халықты елді сүйуге, жерді, Отанды сүйуге баулитын бірден бір адам патриоттық тірегіміз – Бауыржан Момышұлы. Осы үш ошақтың аяғын мықты ұстасак, біз ешқайда айнымаймыз». Сондықтан Бауыржан Момышұлын тарихи тұлға ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеу кезек күттірмейтін өзекті тақырып. «Бауыржантану» пәнін орта, арнаулы және жоғарғы оқу орындарына енгізіп, жас буынға насихаттау ұлттық рухты көтерудің бірден бір жолы деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ханкелді Әбжанов, Баршагүл Исабек. Академик Рамазан Сүлейменов. Алматы «Дайк - Пресс» 2007 - 23 б. [1, 23 б.]
2. Нысанбаев Ә. ҚР ҰҒА академигі, Б.Сатершінов ф.ғ.д «Бауыржан Момышұлы: соғыс философиясы және батыр тұлғасы», «Ұлы тұлғалар». ғылыми – ғұмырнаамалық серия. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана 2011. - 100 б. [2, 100-б.]
3. Мекемтас Мырзахметов. Өмір - өзен ағысында. – Алматы: «Шапағат-Нұр», 2010. – 212 б. [3, 212 б.]
4. Александр Бек. «Арпалыс» (Волоколамск тас жолы). – Алматы, «Издательство Книжный клуб», 2020. - 17 б. [4, 17 б.]
5. Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя». 30 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Өнер», 2008 - 11, 16 б. [5, 11-16 бб.]
6. Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен Аңыз». Роман – диалог. – Алматы: «Атамұра», 2004. - 24 б. [6, 24 б.]

7. Мамытбек Қалдыбай. «Бауыржанның сүйікті ұстазы». – Алматы: «BRK Press», 2019. 32-33,38 бб. [7, 32-33,38 бб.]
8. Исакова Д. Халық қаһарманы – Бауыржан Момышұлы. Библиографиялық көрсеткіш. Тараз: Тар МҮ. Ғылыми кітапхана. 2013. - 5 б. [8, 5 б.]
9. А.Ж. Аманбаев. т.ғ.к., профессор «Мәскеу қорғанысындағы Б.Момышұлының әскери шеберлігі» Еуразия Гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. Нұр – Сұлтан 2019. № 4. 12 б. [9, 12 б.]
10. Сағымбай Жұмағұл Л.Н. Гумилев ат. ЕҰҰ профессор «Елім деп өткен Ер Баукең» С. Жұмағұл – «QAZAQ ADEBIETI» газеті, 2020. - №15. – 165 б. [10, 5 б.]
11. Бауыржан Момышұлы: Қазақ халқының қаһарман перзенті, жазушы Бауыржан Момышұлына арналады. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. 247 б. [11, 247 б.]
12. Дархан Қыдырәлі. «Батыр Бауыржан және Алаш аңсары». Д. Қыдырәлі – «Егемен Қазақстан» газеті, 2020. - № 7. [12, 7 б.]
13. Қ. Бегманов. «Ержүрек Бауыржан» Қ. Бегманов «Дәстүр», Ұлттық – этнографиялық журналы, 2020 - № 5-6. - 11 б. [13, 11 б.]
14. Мырзахметұлы М. «Бауыржан Момышұлы. Түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы». Мырзахметұлы М. «Қазақ үні» газеті, 2020. - № 17-18. - 9 б. [14, 9 б.]

References

1. Khankeldi Abzhanov, Barshagul Isabek. Academician Ramazan Suleimenov. Almaty "Dyke-Press" 2007-23 B. [1, 23 b].
2. A. Nysanbayev KP NAS AKAGEMURI, B. Satershinov doctor of philology "Momysuly Bauyrzhan: philosophy of war and personality of the hero", "great personalities". scientific and biographical series. Almaty: Central Scientific Library 2011-100 P. [2, 100-p.]
3. Mekintas Myrzakhmetov. Life Is In the stream of a river. "I don't know," he said. 2010 - 212 б. [3, 212 б.]
4. Alexander Beck "Arpalys" (Volokolamsk Highway). Almaty, publishing house of the book club, 2020. - 17 P. [4, 17 p.]
5. Bauyrzhan Momysuly. "Flying nest". Collection of selected works in 30 volumes. Volume 1. Almaty, "Oner", 2008-11, P. 16 [5, p. 11-16]
6. A.Nrshrayyov. "Alpat pen Anyz". The novel is a dialogue. Almaty, "Atamura", 2004-24 B. [6, 24 b]
7. MamytbekaldaldybaI. "Bauyrzhannyn suyiktststasty" Almaty: "BRK Press", 2019. 32-33, 38 BB. [7, 32-33,38 BB]
8. D Iskakova. Halys .aharmany - Bauyrzhan Momysuly. Bibliographyaly ko korsetkIsh. Taraz: Creatures for HIM. Vlyym kItafana. 2013-5 b [8, 5 b]
9. A.Zh. Amanbayev candidate of historical sciences, professor "Military skills of Bauyrzhan Momysuly In the defense of Moscow" Bulletin of the Eurasian humanitarlan Institute. Nur-Sultan 2019. No. 4. 12 B [9, 12 B]
10. Sagymbay Zhumagul L. N. Gumilyov Eurasian National University "I don't know," he said. Zhumagul-newspaper "Qazaq Adebieti", 2020, - No. 15-16-5 p. [10, 5 p.]
11. Bauyrzhan Momysuly: dedicated to the hero of the Kazakh people, writer Bauyrzhan Momysul. Almaty: Central Scientific Library, 2011, 247 P [11, 247 P]
12. Darkhan Kydyrali. "Batur Baurzhan and Alash's longing". D. Kydyrali - "Egemen Kazakhstan" newspaper, 2020. - № - 7 p. [12, p. 7]
13. K. Begmanov. "Erzhurek Baurzhan" K. Begmanov "Tradition", National-ethnographic magazine, 2020 - № 5-6. - 11 p. [13, p. 11]
14. Myrzakhmetovich M. "Baurzhan Momysuly. Founder of military literature of the Turkic peoples. "Myrzakhmetovich M. Kazakh Uni newspaper, 2020. - № 17-18. - 9 p. [14, p. 9]